

В целом, в наше время способность государства обеспечить так называемый «информационный суверенитет» имеет три аспекта, таких как идеологический, правовой и технический. При этом немаловажную роль играет и научно-кадровый потенциал страны.

Список использованных источников

1. О.В. Чернышова, «Анализ истории информационных войн», журнал «Экономика и социум», выпуск №11, 2018 года, 1027 с.
2. А.В. Манойло, «Информационные войны и психологические операции. Руководство к действию», Москва, 2023 год, 75 с.
3. А.В. Манойло, «Технологии современных информационных войн», журнал «Политическая наука», спецвыпуск, 2017 год, 308 с.
4. А.А. Иванов, учебно-методическое пособие «Коммуникативное пространство войны: пропаганда и общественные настроения», Санкт-Петербург, 2017 год, 5 с.
5. Доклад Генерального секретаря ООН «Борьба с дезинформацией в целях поощрения и защиты прав человека и основных свобод», 2022 год, 2 с.
6. Н.М. Карась, В.Г. Сипович, «Миф и мемы как способы проникновения идей», Международный научно-исследовательский журнал, май 2021 года, 14 с.
7. Л.С. Егорова, «Влияние информационных войн на стабильность государства», Электронный научный журнал «Коммуникалогия», 57 с.
8. Е.Г. Зорина, «Информационный суверенитет современного государства и основные инструменты его обеспечения», журнал «Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Социология. Политология», 2017 год, 346 с.

УДК 334.021:35

БИЛІК ПЕН ҚОҒАМ КОММУНИКАЦИЯСЫ ПРОЦЕСІНДЕГІ САЯСИ МАНИПУЛЯЦИЯ

Сюндюкова Назерке Мұратқызы

nazerke.murat@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ саясаттану кафедрасы,
Саясаттану мамандығы бойынша 1-курс докторанты, Астана
Ғылыми жетекшісі – Бюлегенова Б.Б., саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Аңдатпа

Мақалада қазіргідей ақпараттық технология дәуірінде билік өкілдерінің түрлі БАҚ құралдары мен интернет платформаларды пайдалану арқылы саяси манипуляция жасау мәселесі қарастырылады. Аталмыш құбылыстың дамуына әсер ететін бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі ерекшеліктері айтылып, шетелдік зерттеу жұмыстары талқыланады. Қазақстандық қоғамдағы саяси манипуляцияны зерттеудің маңызы баяндалады.

Түйін сөздер: манипуляция, саяси манипуляция, коммуникация, ақпараттық қоғам

Ақпараттық технология мен жаһандану дәуірінде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медианың қоғамдық пікірді қалыптастыруға әсері бұрын-соңды болмаған деңгейге жетіп отыр. Түрлі онлайн платформалар азаматтарға ақпаратты жылдам алуға, пікір алмасуға және жаһандық деңгейдегі қоғамдық диалогқа қатысуға мүмкіндік бергенімен, қоғамның саяси манипуляцияға осалдығының артуына алып келді. Себебі билік пен қоғам арасындағы байланыс процесінде саяси субъектілер қоғамдық пікірді басқару, саяси преференцияларды қалыптастыру және өз мақсаттарына жету үшін

ақпараттық технологияларды белсенді түрде пайдалана бастады. Ғалымдар саяси манипуляцияның қоғамда көбіне жасырын түрде техникалық және психологиялық әдістерді қолдана отырып жүзеге асырылатынын атап өтеді. Әсіресе мемлекет, саяси партиялар, жекелеген саяси белсенді азаматтар қоғамның санасына, көңіл-күйіне, дүниетанымына және таңдауына ықпал ету үшін БАҚ пен әлеуметтік медианы жиі қолдануда. Тіпті кейде қоғамдық санаға әсер ету арқылы аудиторияға қауіп төндіру ықтималдығы да артып отыр. Сондықтан да қазіргі әлемде билік пен қоғам арасындағы байланыс процесіндегі саяси манипуляция өзекті мәселеге айналды.

Жалпы саяси манипуляция жайлы алғашқы түсініктер 1960-1980 жылдары шетелдік саясаттануда пайда болып, қалыптаса бастады. [1] Батыстық зерттеулердің бірқатар ғылыми еңбектері бұқаралық сананы манипуляциялау мәселесіне арналған. Мәселен, саяси пропаганда мен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы сол тұста Г.Шиллердің «Сана манипуляторлары» жұмысында көрініс тапты. [2] Бұл еңбек батыс қоғамындағы билеуші топтардың мүдделеріне қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдарында манипуляция мәселесі бойынша негізгі дереккөзге айналды. Сондай-ақ сананы манипуляциялауға арналған алғашқы кітаптардың бірі ретінде неміс әлеуметтанушысы Герберт Франкенің «Манипуляцияланған адам» (1964) кітабын да атап өтуге болады. [3] Ол манипуляция деп жасырын түрде жасалатын психикалық әсерді айтады. Кейіннен бұл тақырыпты А.Граммши, Н.Хомский сынды ғалымдар одан әрі дамытып, сананы манипуляциялаудың саяси-психологиялық концепциясын жасап шықты.

XX-XXI ғасырларда манипуляция тақырыбы саясат тұрғысынан да зерттеліп, Е.Доценко, Г.Грачев, И.Мельник, А.Цуладзенің монографияларында көрініс тапты. Мәселен, ресейлік зерттеуші Е.Доценко бұл құбылысты түсіндірудің оннан астам нұсқасын талдай келе, манипуляция ұғымын алғашқылардың бірі болып тұжырымдады. [4] Ол «Манипуляция психологиясы» кітабында: «Манипуляция – бұл басқа адамға жасырын түрде психологиялық әсер етудің бір түрі, ол кезде адам өзінің талап-тілегін ұмытады» деп атап өтеді.

Кейіннен манипуляцияның когнитивті аспектісі Р.Гарифуллин, С.Зелинский, А.Филатов, Б.Боденхаммер, М.Холл, И.Ниесов, В.Мордачев, В.Шейнов сияқты ғалымдардың еңбектерінде кеңінен дами түсті. Олар саяси манипуляцияны жалпы сананы манипуляциялаудың ерекше бағыты ретінде қарастырады.

Манипуляция бойынша жазылған жұмыстардың бір бөлігі электоральді процесс кезіндегі зерттеулерден тұрады. Л.Фестингер, Д.А. Грабер, В.Полуэктов, А.Горчева, Е.Богачева, А.Горбачев сынды ғалымдар сайлау науқанындағы саясаткерлердің коммуникациялық тәжірибесіне талдау жасайды. Олардың зерттеулерінде сайлауалды саяси процесте үміткерлер дауысты барынша көбейту үшін саяси жарнаманы пайдаланады. Ал саяси жарнамада манипуляция құрал ретінде қолданылады.

Көлемді зерттеулер бұқаралық ақпарат құралдарының байланысын, қоғамдық сананы және манипуляцияны зерттеуге арналған. Бұл тақырыпты У.Липпман, П. Лазарсфельд секілді ғалымдар саяси мақсаттар үшін қоғамдық санаға әсер ету туралы мәселені басты назарға алып, зерттеу жасаған. [5] Ал соңғы кездері бұл тақырыпқа қалам тербеп, жұмыстанған зерттеушілер ретінде Е. Дьякова, О. Пирущий, С. Володенков, А. Коробов, А. Моисеевті атап өтуге болады. [6]

Жалпы зерттеушілер бұған дейін ақыл-ойды жасырын басқару тұжырымын нақтылап, оның саяси өмірдегі оқиғаларға сәйкестігінің эмпирикалық дәлелдерін таңдау бойынша көп жұмыс істеді. Фактілердің едәуір бөлігі сайлау науқандары кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар негізінде жазылды. Десе де «саяси манипуляция» және «сананы манипуляциялау» ұғымдары әлі де зерттеуді қажет етеді. Себебі әлемде соңғы жылдары, әсіресе интернеттің, әлеуметтік желілердің дамуымен манипуляция жасаудың жаңа технологиялары пайда болғанын ескеру керек. Сондықтан да бұл тақырыпқа жаңа қырынан қарап, зерттеу жасалуы тиіс. Дегенмен

мұның өзектілігіне қарамастан, елімізде билік пен қоғам коммуникациясы процесіндегі саяси манипуляция мәселесіне қатысты зерттеулер аз, тіпті жоқ деуге болады.

Дүние жүзіндегі цифрлық кеңістік туралы деректерді ұсынатын DataReportal-дың мәліметі бойынша, 2024 жылдың басында Қазақстандағы интернет пайдаланушылар саны 18,19 миллионды құраған, бұл елдегі барлық халықтың – 92,3 пайызы. Ал биылғы қаңтардағы дерекке сәйкес, елдегі әлеуметтік желі қолданушылар саны 14,10 миллионнан асқан. [7] Бұл сандар цифрлық БАҚ-тың Қазақстандағы саяси белсенділікке және қоғамдық пікірдің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етіп отырғанын ескерсек, бұл елдегі билік пен қоғам арасындағы байланыс процесінде саяси манипуляцияны зерттеудің өзекті екенін түсінеміз.

Басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар ақпарат алудың және қоғамдық пікір білдірудің негізгі арнасына айналууда. Еліміздегі интернет-технологиялардың қарқынды дамуы, сонымен қатар әлеуметтік желі қолданушыларының, соның ішінде Facebook, Instagram, YouTube және Telegram сияқты платформаларды белсенді пайдалануы цифрлық медианы көптеген қазақстандық үшін негізгі ақпарат көзіне айналдыруда. [8]

Мәселен, 2023 жылы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысында жарияланған «Әлеуметтік желілердің Қазақстандағы қазіргі саяси жағдайға әсері» атты зерттеу жұмысында қазақстандықтардың саяси мінез-құлқының өзгеруін қалыптастыратын трансформациялаушы фактор ретінде әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктері қарастырылған. [9] Онда әлеуметтік желідегі ақпараттың сапасына көңіл бөлінген, себебі әлеуметтік медиа саяси манипуляция жасауға көп мүмкіндік береді дейді автор. Зерттеуде 18 жастан 50 жасқа дейінгі қазақстандықтар арасында сауалнама жүргізілген. Нәтиже бойынша, әлеуметтік желілердің қазақстандық қоғамның саяси көзқарасына әсерінің артқаны анықталған, себебі респонденттердің көп бөлігі өздерінің саяси көзқарасын анықтауда әлеуметтік желілерден алған ақпараттың әсері болғанын жеткізген. Мысалы, респонденттердің жартысынан көбі (54%) әлеуметтік желілерді саяси ақпарат алып, пікір алмасу үшін пайдаланатынын айтқан. Демек, бұл әлеуметтік желі мен бұқаралық құралдар арқылы саяси манипуляция жасау ықтималдығының жоғары болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Осылайша, цифрлық БАҚ бір жағынан, сөз бостандығын және азаматтардың өз пікірлерін білдіруіне және қоғамдық диалогқа қатысуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан алғанда, олар дезинформация таратудың, қоғамдық пікірді манипуляциялаудың және саяси жағдайды тұрақсыздандырудың құралына айналуы да мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстандағы цифрлық медиа контекстінде саяси манипуляция жасаудың тетіктері мен салдарын талдауға бағытталған зерттеулер жүргізу аса маңызды болып отыр. Осы саладағы зерттеулер манипуляциялық тәжірибелерге қарсы тұрудың және қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қорғаудың тиімді стратегиялары мен құралдарын әзірлеуге ықпал ете алады. Сондықтан да жан-жақты зерттеу жасалғаны жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Rudinow J. Manipulation// Ethics, Vol. 88, July 1978, №4; Goodin R.E. Manipulatory politics. - Yale U. Pr. New Haven; L., 1980; Riker W.H. The art of Political Manipulation. - Yale U. Pr. - New Haven, L., 1986.
2. Шиллер Г. Манипуляторы сознанием. М.: Мысль, 1980.
3. Франке Г. В. Манипулируемый человек. – М., 1964
4. Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. – М.: ЧеРо, Издательство МГУ, 1997.

5. Lippman W. Public Opinion. 14th ed. -N.Y.: The McMillan Company, 1951; Lazarsfeld P., Berelson B., Gaudet H. The People Choice. How the Voter Makes Up his Mind in a Presidential Campaign. - N.Y.: Columbia Univ. Press, 1948;

6. Дьякова Е. Г. Власть и массовая коммуникация: Опыт теоретического моделирования: Дис. д-ра полит, наук. - Екатеринбург, 2003; Пирущий О.Н. Телевидение и интернет как средства политической манипуляции. Автореф. дисс. канд. полит, наук. - Ставрополь, 2009; Моисеев, А. Н. Средства массовой информации и общественное сознание. - Чебоксары: Чуваш, гос. пед. ун-т, 2009;

7. <https://datareportal.com/reports/digital-2024-kazakhstan>

8. <https://datareportal.com/reports/digital-2024-kazakhstan>

9. А.С. Дмитриева; Ж.К. Тулиндинова; А.А. Умаров // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, № 4(145)/2023; [file:///C:/Users/merse/Downloads/%D0%95%D0%9D%D0%A3+%D1%85%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D1%80%D1%88%D1%8B%D1%81%D1%8B+%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%BD%D0%B0%D1%83%D0%BA%D0%B8+4-37-49%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/merse/Downloads/%D0%95%D0%9D%D0%A3+%D1%85%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D1%80%D1%88%D1%8B%D1%81%D1%8B+%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%BD%D0%B0%D1%83%D0%BA%D0%B8+4-37-49%20(1).pdf)

УДК 334.021:35

ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА В РК: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Темиркулов О.Ж.

докторант кафедры политологии и конфликтологии

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан

Жалмагамбетова Салтанат

IT университет, ст. преподаватель

Исследование темы языковой политики в Казахстане обладает высокой актуальностью по нескольким причинам. Во-первых, понимание основ языковой политики является ключевым для развития и понимания механизмов управления в современных государствах, где язык играет важную роль в формировании общественных отношений и политической дискуссии. Во-вторых, важность исследования обусловлена необходимостью проведения всестороннего анализа сложного процесса языкового реформирования в Казахстане, особенно в его политическом аспекте, чтобы оценить его влияние на политическую стабильность, социальное согласие и национальную идентичность. В течение всего периода независимого развития Казахстана, языковая ситуация играла важную роль в формировании межэтнических отношений и миграционных процессов. Статус казахского и русского языков в обществе оказывал значительное влияние на социокультурную динамику.

В период перестройки в конце 1980-х - начале 1990-х годов, началось ослабление доминирования русского языка в Казахстане, вызванное ростом этнического самосознания в национальных республиках СССР.

Закон «О языках в Казахской ССР», принятый в 1989 году, признавал казахский язык государственным. Закон «О языках в Казахской ССР», принятый в 1989 году, стал важным этапом в развитии языковой политики Казахстана [1]. Он закрепил за казахским языком статус государственного языка, сохраняя при этом русский язык как средство межнационального общения. Закон гарантировал права граждан на использование родного языка и способствовал развитию всех языков народов Казахстана. Принятие закона способствовало укреплению статуса казахского языка, стимулировал развитие национального самосознания и заложил основы для последующей языковой политики. Однако закон столкнулся с ограничениями, такими как недостаточные механизмы